

**Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қоғамдық жұмыстармен айналысатын азаматтардың еңбегіне ақы төлеу нұсқаулығы туралы**

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы әкімшілігінің 2003 жылғы 27 наурыздағы N 03/22 қаулысы. Қарағанды облысының әділет басқармасында 2003 жылғы 8 мамырда N 1172 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ Заңының 31 бабын басшылыққа ала отырып, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149-ІІ Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 санды қаулысымен бекітілген "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың Ережесіне", Ақтоғай аудандық мәслихатының 2003 жылғы 16 қаңтардағы XXVI сессиясының " Ақтоғай ауданының тұрғындарын 2003 жылы жұмыспен қамтудың бағдарламасы туралы" N 240 шешіміне сәйкес Ақтоғай ауданы әкімшілігі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ақтоғай ауданы бойынша 2003 жылы жұмыссыздарды қоғамдық жұмыспен қамтудағы селолық округтар мен поселкелердегі, кәсіпорындардағы, мекемелердегі жұмыс орындарының тізбесі мен түрлері бекітілсін. ( N 1 қ о с ы м ш а )

2. Қоғамдық жұмыстармен айналысатын азаматтардың еңбегіне ақы төлеу нұсқаулығы бекітілсін. (N 2 қосымша)

3. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Әбеуова х а н ы м ғ а жүктелсін.

4. Осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі Р. Әбдікерем

А у д а н ә к і м ш і л і г і н ы ң  
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 7 н а у р ы з д а ғ ы  
N 0 3 / 2 2 қ а у л ы с ы м е н б е к і т і л г е н  
N 1 қосымша

**Ақтоғай ауданы бойынша 2003 жылы жұмыссыздарды қоғамдық жұмыспен қамтудағы селолық округтар мен поселкелердегі, кәсіпорындардағы, мекемелердегі жұмыс орындарының тізбесі мен түрлері**

Рет сан	Селолық округ, поселке атаулары	Кәсіпорындар, мекемелер атаулары	Қоғамдық жұмыстың түрлері
1	2	3	4

1.	Ақтоғай	1. Село әкімі	1. Ауыл шаруашылығы жұмыстары: егін, картоп, көкөніс өсіру, мал азығын дайындау, мал бағу, мал өнімін өндіру
			2. N 14 кәсіптік-техникалық мектепті бітіруші жұмыссыз жастарды мамандықтары бойынша қоғамдық жұмыстарға қамту
			3. Құрылыс, жөндеу жұмыстары
			4. Селоны көгалдандыру, көшелер мен аулаларды тазалау
			5. Газет - журналдарды жаздыру және тарату жұмыстарына қатысу
		2. N 14 кәсіптік - техникалық мектеп	1. Ауыл шаруашылығы жұмыстары: егін, картоп, көкөніс өсіру, мал азығын дайындау
			2. N 14 кәсіптік - техникалық мектепті бітіруші жұмыссыз жастарды мамандықтары бойынша қоғамдық жұмысқа қамту
			3. Мектепті жөндеу жұмыстары
		3. Ақтоғай орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме	1. Отын дайындау, орманды тазалау
			2. Жөндеу жұмыстары
4. "Сүйменбай" шаруа қожалығы	1. Мал бағу, мал өнімін өндіру		
5. "Сұлтан" шаруа қожалығы	1. Мал бағу, мал өнімін өндіру.		
6. "Салтанат" шаруа қожалығы	1. Мал бағу, мал өнімін өндіру.		
7. Аудандық медициналық бірлестік	1. Жалғыз басты, аз қамтамасыз етілген, мүгедек, қарт науқастарға медбибілік күтім жасау		
	2. Аурухана мен емхананы жөндеу жұмыстары		
8. Ә. Бөкейхан атындағы орта мектеп	1. Кластан тыс жұмыстарға (үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, қосымша оқулар ұйымдастыру) қатысу		
	2. Мектепті жөндеу жұмыстары		
9. К. Байсейітова атындағы орта мектеп	1. Кластан тыс жұмыстарға (үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, қосымша оқулар ұйымдастыру) қатысу		
	2. Мектепті жөндеу жұмыстары		
10. "Жезқазған жолдары" ААҚ Ақтоғай өндірістік жол бөлімі	1. Жол жөндеу жұмыстары		

		11. Аудандық мәдениет бөлімі	1. Мәдениет үйін, кітапханаларды жөндеу, парктегі жұмыстар
		12. "Су жүйесі" ЖШС	1. Су құбырларын жөндеу
		13. Телекоммуникация кәсіпорны	1. Жөндеу жұмыстары
		14. Аудандық еңбек және халыққа әлеуметтік көмек бөлімі	1. Жалғыз басты мүгедектерге, қарттарға қызмет көрсету, жәрдемақыға байланысты құжаттарды толтыруға көмектесу, т.б. әлеуметтік қызметтер
		15. Салық комитеті	1. Салықтарды төлеу жөніндегі хабарламаларды тарату
		16. Аудандық мұрағат	1. Мұрағат құжаттарын реттеуге көмектесу
		17. Әскерге шақыру пункті	1. ҚР Қарулы Күштері қатарына шақыру бойынша хабарлама жеткізу
	Округ бойынша		
2.	Абай	1. Село әкімі	1. Елді мекенді көгалдандыру, көшелер мен аулаларды тазалау
	Округ бойынша		
3.	Айыртас	1. Село әкімі	1. Елді мекенді көгалдандыру, көшелер мен аулаларды тазалау
			2. Әлеуметтік-мәдени объектілерді жөндеу
			3. Газет-журналдарға жаздыру және тарату
	Округ бойынша		
4.	Жаңа Орталық	1. Село әкімі	1. Елді мекенді көгалдандыру, көшелер мен аулаларды тазалау
	Округ бойынша		
5.	Жидебай	1. Село әкімі	1. Ауыл шаруашылығы жұмыстары: егін, картоп, көкөніс егу
			2. Жалғыз басты, аз қамтамасыз етілген, мүгедек, қарт науқастарға медбибілік күтім жасау
			3. Кәсіптік - техникалық мектепті бітіруші жұмыссыз жастарды мамандықтары бойынша қоғамдық жұмыстарға қамту
			4. Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары
			5. Мектептерде кластан тыс жұмыстарға (үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, қосымша оқулар ұйымдастыру)
		2. "Ернат" шаруа қожалығы	1. Мал өсіру, өнімін өндіру

	Округ бойынша		
6.	Қараменде би	1. Село әкімі	1. Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары
	Округ бойынша		
7.	Кежек	1. Село әкімі	1. Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары
	Округ бойынша		
8.	Кусак	1. Село әкімі	1. Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары
	Округ бойынша		
9.	Қызыларай	1. Село әкімі	1. Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары
	Округ бойынша		
10.	Нүркен	1. Село әкімі	1. Жалғыз басты, аз қамтамасыз етілген, мүгедек, қарт науқастарға медбибілік күтім жасау
			2. Мектепте кластан тыс жұмыстарға (үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, қосымша оқулар ұйымдастыру) қатысу
			3. Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары
			4. Жалғыз басты мүгедектерге, қарттарға қызмет көрсету, жәрдемақыға байланысты құжаттарды толтыруға көмектесу
	Округ бойынша		
11.	Орта Дересін	1. Село әкімі	1. Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары
	Округ бойынша		
12.	Сарытерек	1. Село әкімі	1. Жалғыз басты, аз қамтамасыз етілген, мүгедек, қарт науқастарға медбибілік күтім жасау
			2. Мәдени объектілерді жөндеу
			3. Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары
			4. Жалғыз басты мүгедектерге, қарттарға қызмет көрсету, жәрдемақыға байланысты құжаттарды толтыруға көмектесу
	Округ бойынша		
13.	Сарышаған	1. Поселке әкімі	1. Ауыл шаруашылығы жұмыстары: картоп, көкөніс егу, өнім өндіру

			2. Әлеуметтік - мәдени объектілерді жөндеу, құрылыс жұмыстары
			3. Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары
			4. Жалғыз басты мүгедектерге, қарттарға әлеуметтік қызмет
			5. Газет - журналдарға жаздыру және тарату
	Поселке бойынша		
14.	Тас-Арал	1. Село әкімі	1. Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары
	Округ бойынша		
15.	Торанғалық	1. Село әкімі	1. Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары
	Округ бойынша		
16.	Шабанбай	1. Село әкімі	1. Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары
	Округ бойынша		
17.	Шашубай	1. Поселке әкімі	1. Ауыл шаруашылық жұмыстары: картоп, көкөніс егу, өнімін өндіру
			2. Мектепте кластан тыс жұмыстарға (үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, қосымша оқулар ұйымдастыру) қатысу
			3. Құрылыс, жөндеу жұмыстары
			4. Елді мекенді көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары
			5. Жалғыз басты мүгедектерге, қарттарға қызмет көрсету, жәрдемақыға байланысты құжаттарды толтыруға көмектесу, т.б. әлеуметтік қызметтер
			6. Газет-журналдарға жаздыру және тарату жұмыстарына қатысу
	Поселке бойынша		
	Аудан бойынша		

### Кестенің жалғасы

Адам саны	Қоғамдық жұмысқа қатысу мерзімі	Қаржыландыру көзі	Еңбекке ақы төлеу мөлшері (мың теңге)
5	6	7	8
12	4,5 ай	Бюджет	270

12	2 ай	Бюджет	120
43	2 ай	Бюджет	430
30	2 ай	Бюджет	300
6	2 ай	Бюджет	60
10	4,5 ай	Бюджет	225
5	2 ай	Бюджет	50
5	2 ай	Бюджет	50
5	2 ай	Бюджет	50
10	2 ай	Бюджет	100
2	4 ай	Бюджет	40
2	4 ай	Бюджет	40
2	4 ай	Бюджет	40
15	2 ай	Бюджет	150
10	2 ай	Бюджет	100
3	2 ай	Бюджет	30
7	2 ай	Бюджет	70
2	2 ай	Бюджет	20
8	2 ай	Бюджет	80
7	2 ай	Бюджет	70
15	2 ай	Бюджет	150
10	2 ай	Бюджет	100
5	2 ай	Бюджет	50
10	2,6 ай	Бюджет	132
6	4 ай	Бюджет	120
2	2 ай	Бюджет	20
4	2 ай	Бюджет	40
248		Бюджет	2907
2	2 ай	Бюджет	20
2		Бюджет	20
2	2 ай	Бюджет	20
2	2 ай	Бюджет	20
1	2 ай	Бюджет	10
5		Бюджет	50

3	2 ай	Бюджет	30
3		Бюджет	30
8	4,5 ай	Бюджет	180
2	2 ай	Бюджет	20
3	1,6 ай	Бюджет	24
3	1,6 ай	Бюджет	24
2	2 ай	Бюджет	20
2	9 ай	Бюджет	90
20		Бюджет	358
2	2 ай	Бюджет	20
2		Бюджет	20
3	2 ай	Бюджет	30
3		Бюджет	30
2	2 ай	Бюджет	20
2		Бюджет	20
4	2 ай	Бюджет	40
4		Бюджет	40
2	2 ай	Бюджет	20
1	1 ай	Бюджет	5
1	2 ай	Бюджет	10
1	2 ай	Бюджет	10
5		Бюджет	45
2	2 ай	Бюджет	20
2		Бюджет	20
1	2 ай	Бюджет	10
2	2 ай	Бюджет	20
1	2 ай	Бюджет	10
1	1 ай	Бюджет	5
5		Бюджет	45
10	4 ай	Бюджет	200
10	2 ай	Бюджет	100
2	2 ай	Бюджет	20
1	2 ай	Бюджет	10

2	1 ай	Бюджет	10
25		Бюджет	340
2	2 ай	Бюджет	20
2		Бюджет	20
4	2 ай	Бюджет	40
4		Бюджет	40
3	2 ай	Бюджет	30
3		Бюджет	30
5	4 ай	Бюджет	100
2	1 ай	Бюджет	10
2	2 ай	Бюджет	20
4	2 ай	Бюджет	40
1	2 ай	Бюджет	10
15		Бюджет	190
350		Бюджет	4205

А у д а н

2 0 0 3

№

№ 2 қосымша

ж ы л ғ ы

0 3 / 2 2

2 7

қ а у л ы с ы м е н

ә к і м и я т ы н ы ң

н а у р ы з д а ғ ы

б е к і т і л г е н

**Қоғамдық жұмыстармен айналысатын азаматтардың еңбегіне ақы төлеу нұсқаулығы**

Осы нұсқаулық қоғамдық жұмыстармен айналысатын азаматтардың ақы төлеуді реттейтін Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149-ІІ Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 санды қаулысымен бекітілген "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру Ережесіне" сәйкес әзірленді.

1. Қоғамдық жұмыстармен айналысатын азаматтардың еңбегіне ақы төлеу ең төменгі айлық жалақы есебінен атқарылған жұмыс уақытына сайма-сай жүргізіледі.

Қосымша сыйақылардың мөлшерлері жеке келісім-шарт жасалған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес кәсіпорын қаржыларының есебінен белгіленеді.

2. Қоғамдық жұмыстардағы жұмыс уақытының барынша ұзақтығы алты күндік жұмыс аптасы кезінде: жасы толған азаматтар үшін - аптасына 36 сағат (күніне 6 сағат) және 16-18 жастағы азаматтар үшін - аптасына 30 сағат (күніне 5 сағат) құрайды.

Азаматтардың тілегі бойынша жұмыс уақытының жинақталған есебі жүзеге асырылады, жұмыс күні мен жұмыс аптасын икемді ұйымдастыру қолданылады, сондай-ақ атқарылған жұмыс уақытына сайма-сай ақы төлене отырып қоғамдық



жұмыстардың қысқартылған жұмыс уақыты енгізіледі.

3. Жергілікті бюджеттен қоғамдық жұмыстармен айналысатын азаматтардың еңбегіне ақы төлеуге бөлінген қаржылар аталған азаматтардың жеке есепшоттарына мыналардың негізінде есептеп аудару жолымен жүзеге асырылады:

- 1) жұмыс берушінің бұйрығынан үзінді;
- 2) жұмыс уақытын есепке алу табелі.

4. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын азаматтардың еңбегіне ақы төлеу ай сайын жүргізіледі.

5. Қоғамдық жұмыстарға қатысқаны үшін азаматтарға есептелген төлемдердің барлық түрлерінен ұстап қалу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

6. Қоғамдық жұмыстарға қатысқаны үшін жұмыссызға есептелген еңбекақыға заңдарда белгіленген тәртіппен салық салынады.